

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Қуыршақ Әйгерімге арналған моншақ.

ЖАРИЯЛАНДЫ
25.01.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/67499/**Білім беру саласы:** Таным, шығармашылық**Бөлімі:** Сенсорика**Тақырыбы:** Қуыршақ Әйгерімге арналған моншақ.**Мақсаты:**

Балаларды өлшемі бірдей моншақтарды тізбектеп жіпке өткізу барысында қолдануға үйрету.

Қызыл,көк түстер туралы түсініктерін бекіту.

Саусақ ұштарының маторикасын дамыта отырып,ойлау қабілетін дамыту.

Ойыншықтарды күтіп ұстауға,ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Қуыршақ Әйгерім, моншақтар,баулар.**Сөздік жұмыс:** Тізіледі.**Билингвизм:** Моншақ-бусы.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық -қозғаушылық	Шаттық шеңбері. Қуанамын мен де, Қуанасын сен де. Қуанайық достарым, Арайлап атқан күнге.	Өлең жолдарына сәйкес қимыл-қозғалыстар жасайды.

Ұйымдастырушылық-ізденістік	<p>—Қане балалар мына ойыншықтарға назар аударайықшы. Кімнің ойыншықтары екен. -Ал мыныу кімнің қуыршағы екен?</p> <p>Ғажайып сәт.</p> <p>-Қонаққа Қуыршақ Әйгерім келеді.</p> <p>-Ол өзінің қуыршағын жоғалтып алғанын айтып мұңдайды.</p> <p>-Ойыншық арасынан өз қуыршағын көріп,қуанады.Өзімен бірге моншақ алып келгенін,ол моншақты қуыршағына тағатынын айтады.</p> <p>-Моншақты қыз балалар мерекелерде,туған күн кешінде сән үшін тағады.Моншақты бауға тізеді.</p> <p>Сөздік жұмыс: Тізіледі.</p> <p>Билингвизм: Моншақ-бусы.</p> <p>Шығармашылық жұмыс:</p> <p>-Бауға қызыл,көк түсті моншақтарды кезектестіре тізеді. Моншақтың пішіні дөңгелек.</p> <p>-Моншақты тізіп біткеннен кейін ойыншығымызға тағамыз.</p> <p>Сергіту сәті.</p> <p>Музыка әуенімен билейді.</p>	<p>Балалар қызыға қарайды.</p> <p>-Әр бала өз ойыншықтарын айтады.</p> <p>Мұқият тындайды.</p> <p>Бірнеше рет қайталайды.</p> <p>Моншақтарды кезектесіп тізеді.</p>
Рефлексиялық — түзетушілік	<p>“ Кім жылдам ” ойыны.</p> <p>Ойын шарты: балалар берілген қорапшаларды жылдам ашады.</p>	<p>Қуана қорапшаларды ашады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: Қуыршақтардың мойнына тағатын моншақтарды тізеді;

Түсінеді: Қызыл, көк түстер туралы;

Қолданады: Моншақтарды түсі бойынша кезектестіре тізеді;

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.